

## Республика аумағында төтенше оқиғалардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 451 Өкімі

Қазақстан Республикасының аумағында техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

су көздерін реттеу, олардағы судың қауіпсіз деңгейін ұстап тұру, гидротехникалық құрылыстардың орнықтылығын арттыру, су тасқынына қарсы және жағалауларды бекіту жұмыстарын дер кезінде жүргізу жөнінде қажетті шаралар қолдансын; сел жағдайы мен селден қорғау құрылыстарының жай-күйіне тұрақты бақылау орнатсын, аса қысқа мерзімде қар көшкіні мен жер көшкіні туындауы ықтимал қауіпті учаскелерге зерттеу жүргізісін, уақытылы және толық көлемде тиісті алдын алу іс-шараларын жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп:

үйлер мен ғимараттарды жобалау мен тұрғызудың сапасына, оларды пайдаланудың белгіленген ережелерінің сақталуына бақылауды қатайтсын;

2004 жылғы 1 шілдеге дейін мектептердің, бала бақшалардың, мәдениет үйлерінің, кинотеатрлар мен адамдар жаппай жиналатын басқа да объектілердің, көп қабатты тұрғын үйлердің апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында олардың техникалық жай-күйіне тексеруді жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

2004 жылдың аяғына дейін Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеп, бекітуге енгізісін;

2004-2005 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі қызметтерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелерін шешсін;

ұлттық парктердің, қорықтар мен қорықшалардың аумақтарында, су қорғау аймақтарында, көшкін қаупі бар учаскелерде, туризм инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы құрылыстарды қоспағанда, қандай да бір объектілер тұрғызуға тыйым салсын;

жер бөліп беру мен құрылыстардың заңдылығын анықтау үшін осы учаскелерде тұрғызылған объектілерге 2004 жылғы 1 шілдеге дейін тексеру жүргізісін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігіне жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК